

(онын еңкіш жырашығында кері тартылатын серіппе орналастырылған), дискілі серіппеден және құлыпты-сақиналы таяныш шайбалардан тұрады. Механизм клапанның бағыттаушы төлкесімен бірге цилиндрлер бастиегінің ұясына орналасқан. Клапан серіппесі таяныш шайбасына тіреліп тұрады. Клапан жабық кезінде оның серіппесінің қысымы да аз болады. Дискілі серіппенің сыртқы жиегі жоғары қарай майыстырылып, ал ішкі жиегінен тұрқынның иігіне тіреледі. Бұл кезде шариктер серіппенің қысымымен өзінің шеткі орнына қысылып тұрады.

Клапан ашылған кезде, серіппесінің қысымы артып, таяныш шайбасы арқылы дискілі серіппені түзетеді де серіппенің ішкі жиегі корпусының иігінен кері кетеді. Клапан серіппесі шарикке тіреліп барлық қысымды соған беретіндіктен шариктер корпусының жырашығының түбіне қарай ығысып дискілі серіппені бұрылуға мәжбүр етеді және сонымен бірге клапан серіппесінің таяныш шайбасы да, клапан да қоса айналады. Клапан қайта жабылған кезде барлық бөлшектер бастапқы қалпына келеді.

Клапан серіппесі клапанды өз ұясына тығыз жабу үшін қызмет етеді. Сонымен бірге серіппе клапанның күйентеден ажырамауымен оның белгіленген ашылу уақытын қамтамасыз ету үшін керек. Серіппе серіпмді болат сылманан жасалып, жұмыс кезінде пайда болған дірілді (вибрацияны) болғызбау үшін орамдарының қадам аралығы өзгеріп отырады. Серіппенің бір ұшы цилиндрлер қалпақшасының үстіндегі шайбаға тіреліп, екінші ұшы таяныш шайбасы арқылы клапанның стерженіне бекітіледі. Шайбаны клапанның стерженіне кигізілген екі бөлек конус тәрізді сұхарь ұстап тұрса, ал өзі ішкі бетіндегі қырымен клапан стерженінің кертігіне тіреліп тұрады.

Клапан қалпақшасы ершікке толық жабылуы үшін, клапан стержені мен күйентенің ұшы (винті) арасына немесе түрткіш бұрандасы арасына қажетті анықталған жылу саңылауы керек. Клапандарда жылу саңылаулары олар қатты қызғанда, желініп кеткенде және реттеулері бұзылғанда өзгереді. Егерде клапандарда жылу саңылаулары көп болса, онда олар толық ашылмайды, соның әсерінен цилиндрлерге жанғыш қоспаны толтыру мен пайдаланылған газдарды шығару төмендейді, сонымен бірге клапан механизмдерінің соқылы салмақты жұмыс істеуі артады. Егер клапандарда жылу саңылаулары жеткіліксіз болса, онда олар ершікке толық орнықпайды, соның әсерінен газдардың шығуы болып, ершік пен клапанның жұмыстық беттері күйіп, күйе орнауы мүмкін.